ШАРДАРА АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНЕ ҚАРАСТЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА «ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ!» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КЕЗДЕСУЛЕР ЖОСПАРЫ

«БЕКІТЕМІН»
Шардара АПБ-нің бастығы
полиция майоры
Н.Елшібаев
« » 09. 2026 жыл

«БЕКІТЕМІН»
Шардара аудандық білім бөлімінің
басшысы
Ж. Мусатаева
09. 2026 жыл

Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны Г.Сәбденнің қыркүйек айына бекітілген білім беру ұйымына жұмысқа шығуы кестесі

№	Мектеп атауы	Қыркүйек 2026 жыл																				
		2	3	4	7	8	9	10	11	14	15	16	17	18	21	22	23	24	25	28	29	30
1	Шардара мектеп лицейі	X		.	X			X			X			X			X			X		
2	№16 колледж		X			X			X			X			X			X			X	
3	№3 М.Қалмырза мектебі			X			X			X			X			X			X			X

Ескерме: Аталған кездесулерді бекітілген кестеге сәйкес 09:00–11:00 өткізілуі тиіс, ал өткізілген кездесу хаттамасын аудан прокуратурасына 15 :00 дейін жолдау талап етіледі.

Кесте түзген:
Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ аға УПИ
полиция капитаны
Д.Танабай

ШАРДАРА АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНЕ ҚАРАСТЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА «ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ!» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КЕЗДЕСУЛЕР ЖОСПАРЫ

«БЕКІТЕМІН»
Шардара АПБ-нің бастығы м.а.
полиция подполковнигі
_____ К.Сатыбалдиев
«__» 10 2026 жыл

«БЕКІТЕМІН»
Шардара аудандық білім бөлімінің басшысы
_____ Ж. Мусатаева
«__»10 2026 жыл

Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны Г.Сәбденнің
Қазан айына бекітілген білім беру ұйымына жұмысқа шығуы кестесі

№	Мектеп атауы	Қазан 2026 жыл																			
		1	2	5	6	7	8	9	12	13	14	15	16	19	20	21	22	23	26	27	28	29
1	Шардара мектеп лицейі	X			X			X			X			X			X			X		
2	№16 колледж		X			X			X			X			X			X			X	
3	№3 М.Қалмырза мектебі			X			X			X			X			X			X			X

Ескерме: Атылған кездесулерді бекітілген кестеге сәйкес 09:00–11:00 өткізілуі тиіс, ал өткізілген кездесу хаттамасын ауданқ прокуратурасына 15 :00 дейін жолдау талап етіледі.

Кесте түзген:
Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ аға УПИ
полиция капитаны **Д.Танабай**

«Шардара» мектеп-лицейінде
«Тәртіпті ұл елдің тірегі» тақырыбында 8-11 сынып
ұлдарымен өткізілген жиналыс
Хаттама № 1

Шардара қаласы **08.09.2026ж**
Қатысқандар саны - 127

Күн тәртібінде:

1. Ұлдар клубының 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру және белсенді мүшелерін бекіту.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен оқушының міндеттері
3. Мектеп формасы сыртқы келбет және әдеп нормалары
4.Құқық бұзушылықтың алдын алу және жауапкершілік туралы түсіндіру
5. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Л.Ө.Құлмаханбет-мектеп-лицей директоры. Жиналысты ашып, барлық қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жиынның мақсаты түсіндіріліп, ұлдар клубының тәрбие жұмысындағы маңызына жан жақты тоқталды. Ұлдар клубының негізгі мақсаты ер балалардың бойында ұлттық құндылықтарды, азаматтық жауапкершілікті, тәртіптілік пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру екендігі айтылды. Сонымен қатар көшбасшылық қабілетті дамыту,қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу, өз ортасына үлгі болу және мектептің қоғамдық өміріне араласу қажеттігі түсіндірілді. Оқу жылы барысында өткізілетін құқықтық кездесулер, психологиялық тренингтер, спорттық жарыстар, ұлттық тәрбиеге бағытталған дөңгелек үстелдер, патриоттық іс шаралар, қайырымдылық акциялары және басқа да тәрбиелік жұмыстардың жоспарымен толық таныстырылды.

2. Г.Т.Ахатова –ДТЖЖО. Мектептің ішкі тәртіп ережелеріне кеңінен тоқталды. Оқушыларға мектеп Жарғысында көрсетілген талаптарды сақтау әрбір білім алушының міндеті екендігі түсіндірілді. Сабаққа кешікпеу, себепсіз қалмау, сабақ барысында тәртіп сақтау, мектеп мүлкіне ұқыпты қарау, мұғалімдер мен мектеп қызметкерлеріне құрмет көрсету және мектептің ішкі мәдениетін сақтау қажеттігі айтылды. Сонымен қатар әрбір оқушының құқықтары мен міндеттері жан жақты түсіндірілді. Өз құқықтарын білу маңызды болғанымен өз міндеттерін орындау одан да, маңызды екендігі ерекше атап өтілді. Тәртіпке бағыну жауапкершіліктің алғашқы белгісі екендігі жөнінде пікір алмасу жүргізілді. Клубтың белсенді мүшелерін іріктеу мәселесі қаралып,олардың міндеттері белгіленді. Белсенді мүшелер мектепішілік іс шараларды ұйымдастыруға көмектесу, сыныптардағы тәртіпке үлгі болу жас оқушыларға қамқорлық көрсету, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу сияқты міндеттерді атқаратыны айтылды.

3.Ф.Жумабаева-педагог-психолог.Жиналыста мектеп формасын сақтау, сыртқы келбет мәдениеті және әдеп нормалары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ұл балалардың мектепке таза, әрі ұқыпты киіммен келуі, шаш үлгісінің мектеп талабына сәйкес болуы, жеке бас тазалығын сақтауы және

мектептің ішкі мәдениетіне сай өзін ұстауы қажеттігі түсіндірілді. Әдепті сөйлеу, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, қоғамдық орындарда мәдениетті мінез көрсету, әлеуметтік желілерде жауапкершілікпен пікір жазу және мектептің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу жөнінде жан жақты түсіндірме берілді.Ұқыптылық тәртіптің белгісі, ал сыртқы мәдениет адамның тәрбиесінің көрінісі екендігі айтылды. Белсенді оқушылардың бастамалары қолдау тауып оқу жылы бойы мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласуға барлық оқушылар шақырылды

Оқушылар мектеп өмірінде кездесетін түрлі жагдаяттарга байланысты өз ойларын айтып, сұрақтарына жауап алды.

4.С.К.Динасилов-ДТЖЖО.Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне кеңінен тоқталды. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі туралы қолданыстағы заң талаптары түсіндірілді. Буллинг, әлімжеттік, төбелес, бопсалау, бөтеннің мүлкін бүлдіру, ұрлық, қоғамдық тәртіпті бұзу, электронды темекі, вейп, темекі өнімдері, алкоголь және басқа да зиянды әдеттердің денсаулыққа қоғамға және заң алдындағы жауапкершілікке әсері туралы толық ақпарат берілді.Сонымен қатар кешкі уақытта көшеде жүру тәртібі, қоғамдық орындардағы мәдени мінез құлық, интернет қауіпсіздігі, әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану, жалған ақпарат таратпау және кибербуллингтің алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Оқушылар өз пікірлерін білдіріп, құқық бұзушылықтың алдын алуда, әр адамның жеке жауапкершілігі маңызды екендігі жөнінде ой бөлісті.

5.К.Игиликова –мектеп медбикесі. Жеке бас тазалығының ережелеріне тоқталып:

— Күнделікті бір уақытта тұр, бөлмеңді желдетіп ал да, шынықтыру жаттығуын жаса;

— Ертең ерте тісіңді тазалап, беті-қолыңды, мойның мен құлағыңды жу;

— Ұйықтар алдында жуынып, бөлмеңді желдетіп алуды ұмытпа;

— Тамақ ішердің алдында, жұмыстан кейін, әжетханадан соң міндетті түрде қолыңды жу;

— Бет орамал пайдалан, мұрныңның әрқашан таза болуына көңіл бөл;

— Түшкірген, жөтелген кезде мұрның мен аузыңды бет орамалмен жауып, теріс айналып түшкір немесе жөтел;

— Шашыңды дұрыстап күт: уақытылы тара, буып немесе өріп қой;

—Төсегіңді жинау, жеңіл киімдеріңді өзің жуып, үтіктеу, түймеңді қадап, бәтеңкеңді тазалау – бұл әркімнің-ақ қолынан келетін іс;

— Ұқыпты да жарасымды киінетін бол. Киімнің таза және үтіктелген болсын.

Қаулы етеді:

1. Ұлдар клубының 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітіліп, басшылыққа алынсын.
2. Ұлдар клубының белсенді мүшелері бекітіліп, олардың жұмыс бағыттары айқындалсын.
3. Барлық оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережелерін, мектеп Жарғысын және оқушының міндеттерін бұлжытпай орындасын.
4. Мектеп формасын сақтау, сыртқы келбет мәдениетін қалыптастыру және әдеп нормаларын ұстану тұрақты бақылауға алынсын.

5. Құқық бұзушылықтың, буллингтің, әлімжеттіктің және зиянды әдеттердің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары оқу жылы бойы жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
6 .Ұлдар клубының мүшелері мектепішілік тәрбиелік, патриоттық, спорттық мәдени көпшілік және қоғамдық іс шараларға белсенді қатыссын.

Жиналыс төрағасы: **С.Динасилов**

Хатшы: **Р. Алимбекова**

«Шардара» мектеп-лицейінде 8-11 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз балалық шақ » жобасы аясында өткізілген жиналыстың ХАТТАМАСЫ № 2

Өткізілген күні: 07.09.2026ж
Қатысқан оқушы саны:167
Қатысқан мамандар:
«Шардара» мектеп-лицейінің директоры- Л.Ө.Құлмаханбет;
Шардара АПБ-ның бастығының орынбасары полиция полковнигі -Қ.Сатыбалдиев;
Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны - Г.Ш.Сабден;
Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны – Л.У.Тилегенова;
ДТЖЖО – С.К. Динасилов;
Педагог-психолог – Ф.З.Жумабаева;
Мектеп медбикесі-К.Игиликова;
Сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу
2. Жолда жүру қауіпсіздігі мен ережесі

Тыңдалды:

1. «Шардара» мектеп-лицейінің директоры – Л.Ө.Құлмаханбет. Жиналысты ашып беріп, күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырып өтті. Биылғы 2026-2027 оқу жылымен оқушыларды құтықтап, әрқушы мектеп ережесін сақтау міндетті екенін айтты. Сонымен қатар әрбір оқушының болашағы жарқын болуы үшін білім алуларын, тәрбиелі болуларын айтып өтті. Адамға зиян келтіретін дүниелерден сақ болуларында айтып өтті.

2. Шардара АПБ-ның бастығының орынбасары полиция полковнигі-Сатыбалдиев Қасымхан. «Баланың қауіпсіздігі маңызды» тақырыбындағы түнгі рейд және құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары туралы хабарлама жасады. Адам өміріне қауіп төндіретін зиянды заттарға тоқталып, айтып өтті. Мәселен наркотиктің, спиртті ішімдік, темекінің т.б адам денсаулығына әкелетін зиянын айтып өтті. Кешкі сағат 10^{00} –ден кейін көшеде, ойын сауық мекемелерінде, жалпы түнгі мезгілде жүруге тыйым салынатындығын, кәмелет жасқа толмағандардың, мектеп қабырғасында оқып жүрген оқушыларға көлік басқаруға қатаң тыйым салынғандығын айтып өтті. Сонымен қатар жолда жүру ережелімен таныстырып өтті. Кәмелетке толмағандар арасында және кәмелетке толмағандарға қатысты буллингтің, жәбірленудің, зорлықтың, қатыгездіктің алдын алу жөнінде кәмелетке толмағандардың вэйпарды, электронды темекілерді, темекі бұйымдарын, кальяндарды пайдаланудың және нашақорлықтың алдын алу, кешкі мезгілдерде жалғыз жүрмеу, бейтаныс адаммен сөйлеспеу, сабақ кезінде қалаға, тойханаларға бармау, жол көлік ережесін сақтау, көлік айдамау туралы барынша мағұлматтар берді. Дәйекті мысалдарды келтіре отырып,

жасөспірімдерді тура жолдан тайқымауға кершінше, мүмкіндік бар кезде білім алуға шақыруды. Қашанда құқықтық тұрғыдан сауатты болып, заң талаптарын жетік білген жасөсіпірімдер ешқашан теріс әрекеттерге бармайтындығын, заңды білмеу ешкімді жауапкершіліктен босатпайтындығын айтып өтті.

3. Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны - Г.Ш.Сабден.

Ең қауіпсізі — бағдаршам бар қиылыстан өту. Егер жақын жерде бағдаршам болмаса, реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі деп аталатын "зебрамен" жүрген жөн.

Егер бағдаршам немесе жаяу жүргіншілер өткелі жоқ болып, жолды тек кесіп өтуге тура келсе, қауіпсіздікке баса мән бере отырып, тіке өту қажет. Жолдың екі жағы да анық көрінетін тұстан өткен абзал. Жолдағы жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі туралы айтып өтті. Жаяу жүргіншілер жаяу жүргіншілер жолымен немесе жаяу жүргіншілер жолымен, ал олар болмаған жағдайда жол жиегімен, велосипед жолымен немесе жол бөлігінің шетімен бір қатарда жүруі керек. Егер жаяу жүргінші велосипедті, мотоциклді немесе мопедті басқарса, ол көлік құралының жүру бағытымен жүруі керек. Жаяу жүргінші өтіп бара жатқан көлікке жақын жерде тоқтамауы керек. Оқушыларға көше ережелері мен қауіпсізді туралы жан-жақты түсіндіріп айтып өтті.

4. Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны – Л.У.Тилегенова.

Оқушыларға түнгі жүріс пен тәртіп бұзудың артында көбіне назар жетіспеушілігі мен бақылаудың әлсіреуі тұратынын айтты. Соңғы кезде жасөспірімдер арасында болып жатқан келеңсіз оқиғалар туралы айтып, оның зардаптары туралы да айтып өтті. Оқушыларға тәртіпке бағыну керектігін, ата-аналарының үміттерін ақтау керектігін, болашақ жастардың қолында екендігін айта кетті.

Еліміздің болашағы сендерсіңдер, сендер тәртіпті, білімді болуларың керек.

Сендермен әрқашан бірге жұмыс жасаймыз, біз сендерге сенеміз деді.

Педагог-психолог Ф.Жумабаева. Оқушыларға дөрекі сөздер мен балағаттаудың психологиялық зияны туралы айтып өтті. Әлеуметтік желіде бір-бірін ренжітетін сөздер жазу буллингке жатады және ол үшін жауапкершілік қарастырылатындығын ескертті. Буллингтің алдын алу туралы әңгіме жүргізді. Төменгі сынып оқушыларынан ақша талап ету, қорқыту, мазақ ету-бұл заңмен жазаланатын әрекет екендігін айтты.

Оқушыларға қандай да бір күйзеліске түскен жағдай да оны ең сенімді адаммен бөлісіп, шешу жолын табу керек деді. Кей жағдайда ата-анасына айта алмай қиналатын кездер болады. Ондай кезде мектеп психологына немесе сынып жетекшісіне хабардар еткендерің дұрыс деді. Қандай қиын жағдай болса да оның шешілетінін айтып түсіндірді. Өмірде ең қымбат, құнды нәрсе сендердің денсаулықтарың, өмірлерің. Оны бағалаңдар деді. Сендер біздің жемісімізсіңдер, сондықтан мұғалімдермен ашық сөйлесуге, ойларын ашық айтуға, сұрақтар болса қоюларын айтты.

Мектепте орналасқан «Сенім жәшігіне» сұрақтар қалдыруларын, оны жіті қарап жұмыстар жасалынатындығын айтты.

Жиналыс барысында оқушылар түрлі сұрақтар қойды:

- балағат сөз айту заңмен қарастырылған ба?
- ашумен айтылған сөз де құқық бұзушылыққа жата ма?

- қай жастан бастап әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартыламыз?
- бізге дөрекі сөздер айтқан адамга қалай жауап береміз?

Оқушылардың сұрағына мектеп инспекторы Г. Сабденова ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі мен ҚР Қылмыстық кодексі бойынша түсіндіріп өті.

Қаулы етеді:

1.Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары тұрақты түрде жасалынсын.

2. «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясындағы іс-шаралардың орындалуы кестеге сай жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы: **Л.Ө.Құлмаханбет**

ДТЖЖО: **Г.Ахатова**

«Шардара» мектеп-лицейінде 8 – 9 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз балалық шақ! » жобасы аясында өткізілген жиналыстың ХАТТАМАСЫ №3

Өткізілген күні: 15.09.2026ж
Қатысқан оқушы саны: 218
Қатысқан мамандар:
Мектеп-лицей директоры – Л.Ө.Құлмаханбет;
Шардара АПБ ЖПҚ КТІЖ аға УПИ полиция капитаны- Г.Ш.Сабден;
Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны –К.Жаныкулов;
ДТЖЖО – Г.Т.Ахатова, С.К.Динасилов
Сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу.
2. «Буллингтен қорған» туралы.

Тыңдалды:

1. «Шардара» мектеп-лицейінің директоры – Л.Ө.Құлмаханбет. Жиналысты ашып беріп, күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырып өтті. Әр оқушы мектеп ережесін сақтау міндетті екенін айтты. Сонымен қатар ата-аналарына құрметпен қарап, олардың үмітін ақтаулары керек екендігіне де тоқталып өтті. Бүгінгі жас ұрпақ, ертеңгі еліміздің жарқын болашағы дей келіп, оқушыларды білімді, тәрбиелі болуға шақырды.

2. Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ аға УПИ полиция капитаны – Г.Ш.Сабден. Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге тоқталды. Құқық бұзушылықтын алдын алу бойынша өз сөзінде түсіндірме жұмыстарын жасады. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу деді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Буллингтен қорған» тақырыбына тоқталды. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыра отырып, қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу, оқушылардың буллинг, кибербуллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершіліктерін арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату, заң және тәртіп құндылықтары туралы айтып өтті. Оқушылар арасында кездесетін буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық алдын алу. Оқушылар арасында кездесетін буллингтің, не екенін және оның қандай түрлері бар екенін, айырмашылықтарын түсіндірді. Буллингке ұшыраған жағдайда оны жасырмай ата-анасына, сынып жетекшісіне немесе мектеп психолгына келіп айтуларын айтып өтті.

3. Шардара АПБ ҚҚБ КТІЖ аға УПИ полиция капитаны - К.Жаныкулов Құқықбұзушылық заңды жауапкершілікке алып келетін құқыққа қарсы әрекет. Жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру арқылы оларды дұрыс жолмен жүруді үйретеміз. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық

сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды деді. Адам өміріне қауіп төндіретін зиянды заттарға тоқталып, айтып өтті. Мәселен наркотиктің, спиртті ішімдік, темекінің т.б адам денсаулығына әкелетін зиянын айтып өтті. Кешкі сағат 10^{00} –ден кейін көшеде, ойын сауық мекемелерінде, жалпы түнгі мезгілде жүруге тыйым салынатындығын, кәмелет жасқа толмағандардың, мектеп қабырғасында оқып жүрген оқушыларға көлік басқаруға қатаң тыйым салынғандығын айтып өтті.

3. **Ф.З.Жумабаева –педагог-психолог**. «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың кас жау» деп Әл-Фараби атамыз айтқандай ең бірінші адамға саналы тәрбие керек деді. Тәрбиенің бастауы отбасыдан басталатынын айта келіп, ата-аналарына, ұстаздарға, құрбы құрдастарына құрметпен қарауларын айтты.

Сонымен қатар буллинг тақырыбына тоқталды. Буллинг – адамның ар-намысына, психикалық жай-күйіне зиян келтіретін қудалау, қысым көрсету, келемеждеу әрекеттері. Бұл құбылыстың алдын алу үшін әрбір адам оның қауіпін түсініп, оған қарсы тұруға дайын болуы қажет. Сонымен қатар оқушылар буллингке ұшыраған достарына қандай көмек көрсету керек екені де айтып өтті. Егер жоғары сынып оқушылары өздерінен кішкентай балаларға әлімжеттік көрсетсе, тиісті шара қаралатынын да айтты. Балаларға осы тақырыпқа байланысты өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тұжырымды жауап алды.

Сұрақ-жауаптар:

1. Құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады?
2. Буллингтің салдары қандай? Не істеу керек?

1. Жанайдар Нұрдәулет – 9 «Б» сынып оқушысы. Көп жағдайда буллингке ұшыраған адамдар өз-өзіне сенімсіз болып, күйзеліске ұшырайды, тіпті өмірден түңілуі мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайды елемей, үнсіз қалуға болмайды.
2. Исабек Сүндет – 9 «А» сынып оқушысы. Буллингке тап болған немесе куә болған жағдайда оны жасырып қалмаңыз. Бұл туралы ата-анаңызға, мұғалімдерге немесе сенім телефонына хабарласып, көмек сұрау керек.
3. Молдахмет Ерасыл– 9 «Д» сынып оқушысы. Кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады

Қаулы етеді:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі атқарылсын;
2. Буллинг немесе кибербуллинг фактісі анықталған жағдайда жедел әрекет ету жұмыстары атқарылсын.

Жиналыс төрайымы: **Л.Ө.Құлмаханбет**

ДТЖЖО: **Г.Т.Ахатова**

«Шардара» мектеп-лицейінде 7 «А», «Ә», «Б», «Ө», «Г» сынып оқушыларымен «Қауіпсіз балалық шақ! » жобасы аясында өткізілген жиналыстың ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 18.09.2026ж
Қатысқан оқушы саны: 87
Қатысқан мамандар:
Мектеп-лицей директоры – Л.Ө.Құлмаханбет;
Шардара АПБ ЖПҚ КТІЖ аға УПИ полиция капитаны- Г.Ш.Сабден;
ДТЖЖО – Г.Т.Ахатова, С.К.Динасилов
Сынып жетекшілер

Күн тәртібінде:

1. Нашақорлық, есірткі проблемасы және оны алдын алу туралы.
2. Құмар ойындарының алдын алу.

Тыңдалды:

1. **«Шардара» мектеп-лицейінің директоры – Л.Ө.Құлмаханбет**. Жиналысты ашып беріп, күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырып өтті. Әр оқушы мектеп ережесін сақтау міндетті екенін айтты. Сонымен қатар «Қауіпсіз бақытты балалық шақ» жобасы аясында оқушлардың өмір қауіпсіздігін қорғау мақстаныда жұмыстар жүргізіліп жатқандығына да тоқталып өтті. Әрбір оқушының болашағы жарқын болуы үшін білім алуларын, тәрбиелі болуларын айтып өтті. Адамға зиян келтіретін дүниелерден сақ болуларында айтты. Рейд жұмыстарының нәтижесін оң бағалап, алдағы уақытта да полициямен бірлескен жұмыстар жалғасуы тиіс екенін айтты.
2. **Шардара АПБ ЮПТ инспекторы, полиция капитаны Гауһар Сабден.** Кәмелетке толмағандар арасында және кәмелетке толмағандарға қатысты буллингтің, жәбірленудің, зорлықтың, қатыгездіктің алдын алу жөнінде кәмелетке толмағандардың вэйпарды, электронды темекілерді, темекі бұйымдарын, кальяндарды пайдаланудың және нашақорлықтың алдын алу, кешкі мезгілдерде жалғыз жүрмеу, бейтаныс адаммен сөйлеспеу, сабақ кезінде қалаға, тойханаларға бармау, жол көлік ережесін сақтау, көлік айдамау туралы барынша мағұлматтар берді. Дәйекті мысалдарды келтіре отырып, жасөспірімдерді тура жолдан тайқымауға керісінше, мүмкіндік бар кезде білім алуға шақыруды. Қашанда құқықтық тұрғыдан сауатты болып, заң талаптарын жетік білген жасөсіпірімдер ешқашан теріс әрекеттерге бармайтындығын, заңды білмеу ешкімді жауапкершіліктен босатпайтындығын айтып өтті.
3. **ДТЖЖО-С.К.Динасилов.** Адам баласын екі дүниеде зиянға ұшыратып, бақытсыздыққа душар ететін рухани дерттердің бірі – құмар ойнау. Лудомания – адам өмірінде негативті тұрғыдан басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық тұрғыдан және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлығы. Азарт адамдарды тек материалдық шығынға ұшыратқан жоқ, сондай-ақ рухани тұрғыда да әбден азғындатты. Лудомандар – құмар ойынның шырмауына түскен адамдар.

Сөз соңында құмар ойынның құмарлығынан шыға алмай, құрдымға кеткен талай жастар көз алдымызда. Бұл дерт күн өткен сайын қанатын жайып, өмір шырғалаңында талайларды шырылдатты. Қоғамдық дертті, қоқысқа тастайтын уақыт жетті. Уақыт өткен сайын жастармыздың санасын улап, құрдымға түсіруде дей келе оқушыларға құмар ойынның құрбаны болмауға, болашақтарына балта шабылмауларын айтты.

Қаулы етеді:

1. Лудомания, есірткі, зиянды заттардың алдын алу бойынша сынып сағаттары, ата-аналар жиналысы өткізілсін.

Мектеп-лицей директоры **Л.Ө.Құлмаханбет**

ДТЖЖО: **Г.Т.Ахатова**

«Шардара» мектеп-лицейінде 9-11 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз балалық шақ! » жобасы аясында өткізілген жиналыстың ХАТТАМАСЫ № 5

Тақырыбы: «Дропперлік және алаяқтықтың алдын алу»
Өткізілген күні: 23 қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: мектеп акт залы
Қатысқандар: мектеп инспекторы,мектеп әкімшілігі,сынып жетекшілері, мектеп медбикесі,педагогтер.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқушылар арасында дропперлік ұғымын түсіндіру және оның құқықтық салдары туралы ақпарат беру.
2. Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық түрлерінің алдын алу.
3. Жеке мәліметтерді, банк картасы мен шот деректерін қауіпсіз сақтау жөнінде түсіндіру.
4. Оқушылардың қаржылық және цифрлық сауаттылығын арттыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. С.К.Динасилов –ДТЖЖО. Жиналыста сөз сөйлеп, қазіргі таңда интернет желісінде және әлеуметтік желілерде кездесетін алаяқтық әрекеттердің түрлеріне тоқталды.Оқушыларға **дроппер** дегеніміз – өз банк картасын, банк шотын немесе төлем құралдарын басқа адамдардың заңсыз ақша аударымдары үшін пайдалануға беретін тұлға екені түсіндірілді. Мұндай әрекеттің заңдық жауапкершілікке әкелуі мүмкін екендігі айтылды.

Дропперлікке тартудың ықтимал жолдары және оның оқушының болашағына кері әсері туралы айтып, кез келген күмәнді жағдайды ата-анасына, сынып жетекшісіне немесе мектеп әкімшілігіне хабарлау қажеттігін атап өтті.

2.Ш.Сабден– мектеп инспекторы.Оқушыларға интернет кеңістігінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, күмәнді сілтемелерге өтпеу және белгісіз адамдардың қаржылық ұсыныстарына сенбеу туралы түсіндірді

Сонымен қатар оқушыларға «оңай ақша табу», «жұмысқа орналастыру», «банк картасын жалға беру», «ақша аударып береміз» сияқты күмәнді ұсыныстарға сенбеу қажеттігі ескертілді.

Алаяқтықтың кең таралған түрлері ретінде:

- жалған қоңыраулар мен хабарламалар;
- банк қызметкері ретінде танысып, құпия кодтарды сұрау;
- жалған интернет-дүкендер мен сайттар;
- әлеуметтік желідегі жалған аккаунттар;
- «жүлде ұтып алдыңыз» деген хабарламалар;
- банк картасының деректерін және SMS-кодтарды сұрау;
- бөтен адамның өтініші бойынша өз шотын немесе картасын пайдалану

туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушыларға банк картасының нөмірін, жарамдылық мерзімін, CVV/CVC кодын, SMS арқылы келген растау кодтарын және басқа да құпия ақпараттарды бөгде адамдарға бермеу керектігі ескертілді.

3. Ф.Жумабаева оқушыларға түнгі жүріс пен тәртіп бұзудың артында көбіне назар жетіспеушілігі мен бақылаудың әлсіреуі тұратынын айтты. Оқушылар арасында "тәуелділіктің психологиялық белгілері" тақырыбында тренинг өткізілгенін, балаларға өзін-өзі бақылау және "жоқ" деп айта білу дағдылары үйретіліп жатқанын айтты. Оқушыларға тәртіпке бағыну керектігін, ата-аналарының үміттерін ақтау керектігін, болашақ жастардың қолында екендігін айта кетті.

Еліміздің болашағы сендерсіндер, сендер тәртіпті, білімді болуларың керек. Сендермен әрқашан бірге жұмыс жасаймыз, біз сендерге сенеміз деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Оқушыларға дропперлік пен алаяқтықтың қауіптілігі және оның ықтимал құқықтық салдары туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
2. Оқушыларға жеке және банк деректерінің құпиялылығын сақтау қажеттігі ескертілсін.
3. Күмәнді қаржылық ұсыныстарға, бейтаныс адамдардың өтініштеріне және интернеттегі күмәнді сілтемелерге сенбеу жөнінде профилактикалық жұмыстар жалғастырылсын.
4. Сынып жетекшілері оқушылармен және ата-аналармен дропперлік пен интернет-алаяқтықтың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.
5. Оқушыларға күмәнді жағдайға тап болған кезде оны жасырмай, ата-анасына, мұғалімге немесе тиісті құқық қорғау органдарына хабарлау ұсынылсын.
6. Осы бағыттағы профилактикалық жұмыстар мектептің тәрбие жоспарына сәйкес жалғастырылсын.

Жиналыс төрағасы: **С.К.Динасилов**

Хатшы: **Г.Т.Ахатова**

«Шардара» мектеп-лицейінде 7 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз балалық шақ! » жобасы аясында өткізілген жиналыстың ХАТТАМАСЫ № 6

Өткізілген күні: 28 қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: мектеп акт залы
Қатысқандар:мектеп әкімшілігі, мектеп инспекторы,сынып жетекшілері, мектеп медбикесі

Күн тәртібі:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу туралы.
2. Жеке бас гигиенасы туралы.

Тыңдалды:

1.«Шардара» мектеп-лицейінің директоры – Л.Ө.Құлмаханбет. Жиналысты ашып беріп, күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырып өтті. Әр оқушы мектеп ережесін сақтау міндетті екенін айтты. Сонымен қатар «Қауіпсіз бақытты балалық шақ» жобасы аясында оқушлардың өмір қауіпсіздігін қорғау мақстаныда жұмыстар жүргізіліп жатқандығына да тоқталып өтті. Әрбір оқушының болашағы жарқын болуы үшін білім алуларын, тәрбиелі болуларын айтып өтті. Адамға зиян келтіретін дүниелерден сақ болуларында айтты.
Алдағы уақытта да полициямен бірлескен жұмыстар жалғасуы тиіс екенін айтты.
2. Г.Ш.Сабден –мектеп инспекторы. Оқушыларға құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстау, үлкендерді сыйлау, өзара қарым-қатынаста әдептілік сақтау, буллинг пен әлімжеттілікке жол бермеу қажеттігі айтылды.
Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі туралы түсіндіріліп, кез келген құқықбұзушылықтың жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін екендігі ескертілді. Оқушыларға құқықбұзушылықтың алдын алуда ата-ана, мектеп және оқушы арасындағы өзара байланыстың маңыздылығы түсіндірілді.
3.К.Игиликова -мектеп медбикесі.Оқушыларға жеке бас гигиенасын сақтаудың адам денсаулығы үшін маңызы түсіндірілді. Қолды сабынмен үнемі жуу, тісті күніне кемінде екі рет тазалау, күнделікті жуыну, таза әрі ұқыпты киіну, шаш пен тырнақты күтіп ұстау, жеке заттарды басқа адамдармен ортақ пайдаланбау қажеттігі айтылды.
4.Қ.Мұсақұлова-әлеуметтік педагог.Сондай-ақ дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, дене белсенділігімен айналысу және тазалықты сақтау түрлі аурулардың алдын алуға ықпал ететіні түсіндірілді.

Жиналыс барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, құқықбұзушылықтың алдын алу және жеке бас гигиенасын сақтау бойынша сұрақтарын қойды. Қойылған сұрақтарға тиісті түсіндірмелер берілді.

Қаулы етеді:

1. Оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтасын.
2. Құқықбұзушылыққа, әлімжеттікке және буллингке жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Оқушылар қоғамдық орындарда мәдениеттілік пен әдептілік нормаларын сақтасын.
4. Оқушылар жеке бас гигиенасына жауапкершілікпен қарап, тазалық талаптарын күнделікті сақтасын.
5. Сынып жетекшісі оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және жеке бас гигиенасы бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастырсын.

Жиналыс төрайымы: **Л.Ө.Құлмаханбет**

Хатшы: **Г.Т.Ахатова**

«Шардара» мектеп-лицейінде
Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген
түсіндірме жұмысының
Анықтамасы

«Шардара» мектеп-лицейінде 01 қазан күні **Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ** құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар электронды панель арқылы өзге облыстарда болған мектеп қабырғасында кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында төбелес, аяусыз соққыға жығу, мазақ етіп, әлімжеттік жасау, соңы өлімге әкелген келеңсіз оқиғалардың бейнеролигін оқушыларға көрсетті. Кәмелет жасқа толмаған оқушыларға да құқықбұзған жағдайда, заңмен қаралатыны ҚР қылмыстық кодексінің 99-бабында көзделген қылмыс жасалған жағдайда 8 жылдан 15 жыл аралығына дейін бас бостандығынан айырылатыны айтылды. Оқушылар қандайда бір ойланбай жасалған істің соңы өміріне балта шабумен аяқталатынын ұқты.
Жиналыс барысында білім алушыларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар құқықбұзушылықтың, буллингтің, әлімжеттіктің, зиянды әдеттердің және интернеттегі қауіптердің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыстардың негізгі мақсаты – білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, құқықбұзушылыққа жол бермеу, заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету.

Қорытынды:
Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілуде. Алдағы уақытта да білім алушылармен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру, ата-аналармен байланысты күшейту және құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру жоспарлануда.

Анықтаманы дайындаған: Г.Т.Ахатова
Лауазымы: ДТЖЖО
Күні: 01 қазан 2026 жыл

«Шардара» мектеп-лицейінде 8-9 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз балалық шақ! » жобасы аясында өткізілген жиналыстың ХАТТАМАСЫ № 7

Өткізілген күні: 06 қазан2026 жыл
Өткізілген орны: мектеп акт залы
Қатысқандар: мектеп әкімшілігі,сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, мектеп медбикесі.

Күн тәртібінде:

1. Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың, буллинг пен әлімжеттіктің алдын алу.
2. Қиын жағдайларда өзін қауіпсіз ұстау және көмек сұрау жолдары.
3. Оқушылар арасында өзара сыйластық, достық қарым-қатынас пен жауапкершілікті қалыптастыру.

Тыңдалды:

1. **Мектеп-лицей директоры - Л.Құлмаханбет.** Жиналыста қаралатын күн тәртібіндегі мәселерді таныстырып өтті.Оқушыларға ұялы телефонды шектен тыс пайдалану адам денсаулығына үлкен зиян екендігін айтты. Интернет желісінен пайдалы ақпараттарды көруге болады, алайда адамды түрлі қызықтыратын ойындардың соңы адам өміріне қауіп төндіруі әбден мүмкін деді. Өмірде болып жатқан келеңсіз оқиғалардан нақты мысалдар келтіріп өтті.
Қазір сендер көп уақыттарыңды білім алумен өткізу керексіңдер. Болашақтарың жарқын болу үшін көп іздену керек деді.

2. Г.Ш.Сабден - Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны - Г.Ш.Сабден. Жиналыс барысында оқушыларға зорлық-зомбылықтың түрлері: физикалық, психологиялық және вербалды зорлық-зомбылық, сондай-ақ буллинг туралы түсіндірме жұмыстары жүргізді.

Оқушыларға бір-бірінің ар-намысы мен құқықтарын құрметтеу, кемсітуге, қорқытуға, мазақ етуге және күш көрсетуге жол бермеу қажеттігі түсіндірілді. Мектеп психологі оқушыларға қиын немесе қауіпті жағдайға тап болған кезде мәселені жалғыз шешуге тырыспай, ата-анаға, сынып жетекшісіне, мектеп психологіне, әлеуметтік педагогке немесе басқа сенімді ересек адамға жүгіну керектігін айтты.

Сонымен қатар оқушыларға интернеттегі қауіпсіздік ережелері, әлеуметтік желілерде әдепті қарым-қатынас жасау және кибербуллингке жол бермеу туралы ақпарат берілді.

3.Сынып жетекшісі Э.Үмбетова оқушыларды өзара түсіністікке, достыққа, үлкенді сыйлауға және кішіге қамқорлық көрсетуге шақырды.
4.Мектеп психологі Ф.Жумабаева оқушылардың эмоционалдық жағдайына көңіл бөлу, өз сезімдерін дұрыс жеткізу және жанжалдарды бейбіт жолмен шешудің маңыздылығын атап өтті.

Қаулы етеді:

1. Оқушылар арасында зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.
2. Оқушыларға қауіпсіз мінез-құлық және қиын жағдайда көмек сұрау жолдарын үнемі түсіндіріп отыру.
3. Сыныпта өзара сыйластық пен қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жалғастыру.
4. Қажет болған жағдайда оқушыларға мектеп психологі мен әлеуметтік педагог тарапынан жеке кеңес беру.
5. Оқушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін сақтау мәселесі сынып жетекшісінің бақылауында болсын.

Жиналыс төрайымы: **Л.Ө.Құлмаханбет**

Хатшы: **Г.Т.Ахатова**

«Шардара» мектеп-лицейінде 8- сынып оқушыларымен
«Қауіпсіз балалық шақ! » жобасы аясында өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ № 8

Өткізілген күні: 09 қазан 2026 жыл
Өткізілген орны: мектеп акт залы
Қатысқандар: мектеп әкімшілігі,сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, мектеп медбикесі.
Жиналыстың мақсаты: Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, мектеп тәртібін сақтау, жасөспірімдердің жауапкершілігін қалыптастыру және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау және оқушылардың тәртіптік жауапкершілігі.
3. Буллинг, әлімжеттік, бопсалау, төбелес және өзге де құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу.
4. Әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану және интернеттегі құқықтық жауапкершілік.
5. Оқушылардың сабаққа қатысуы, қоғамдық орындардағы тәртібі және құқықтық мәдениеті.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Л.Ө.Құлмаханбет – мектеп-лицей директоры жиналысты ашып, оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – мектеп, ата-ана және құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысының маңызды бағыты екенін атап өтті.Оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, сабаққа уақытылы қатысу, мұғалімдер мен сыныптастарына құрметпен қарау, қоғамдық орындарда әдептілік таныту қажеттігі түсіндірілді. Сонымен қатар әрбір оқушы өз әрекетіне жауапты екені және заң талаптарын сақтау азаматтық міндет болып табылатыны айтылды.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Г.Т.Ахатова оқушылар арасындағы тәртіп бұзушылықтың, сабақтан себепсіз қалудың, мектеп мүлкіне зиян келтірудің, буллинг пен әлімжеттіктің алдын алу мәселелеріне тоқталып өтті.Оқушыларға бір-бірінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу, өзара түсіністік пен сыйластықты сақтау қажеттігі ескертілді. Қандай да бір қысым көрсету, қорқыту немесе бопсалау жағдайлары орын алса, оны жасырмай, сынып жетекшісіне, мектеп әкімшілігіне немесе ата-анасына хабарлау керектігі айтылды.Сондай-ақ әлеуметтік желілерде әдеп сақтау, өзге адамдардың

жеке мәліметтері мен фотосуреттерін рұқсатсыз таратпау және интернеттегі әрекеттер үшін де жауапкершілік бар екені түсіндірілді.
3. Г.Ш.Сабден - Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны - Г.Ш.Сабден. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, заң талаптарын сақтау және құқықбұзушылық жасаған жағдайда туындайтын жауапкершілік туралы түсіндірме жұмысын жүргізді.Оқушыларға төбелеске қатысу, бөтеннің мүлкін бүлдіру немесе иемдену, қорқыту, бопсалау, өзге оқушыларға күш көрсету және қоғамдық тәртіпті бұзу сияқты әрекеттердің құқықтық салдары түсіндірілді.
4.Ф.Жумабаева –педагог-психолог.Сонымен қатар интернет желісінде қорлау, қорқыту, жалған ақпарат тарату және басқа адамдардың құқықтарын бұзу да жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін екені ескертілді. Оқушыларға күмәнді жағдайлардан аулақ болу, құқыққа қайшы әрекеттерге қатыспау және қиындық туындаған жағдайда үлкендерден көмек сұрау қажеттігі айтылды.

Жиналыс барысында оқушыларға өз құқықтарын білу, өзгенің құқығын құрметтеу және заң талаптарын сақтау жөнінде кеңестер берілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. 8 сынып оқушыларына құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.
2. Оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтап, сабаққа уақытылы қатысуы және мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауы қамтамасыз етілсін.
3. Сынып жетекшілері оқушылар арасында буллинг, әлімжеттік, бопсалау, төбелес және өзге де құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу бойынша тәрбие жұмыстарын жүргізсін.
4. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібіне жүйелі бақылау жасалсын.
5. Ата-аналармен бірлескен профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылып, бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті арттыруға назар аударылсын.
6. Мектеп инспекторымен бірлесіп, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған кездесулер мен түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
7. Оқушыларға әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану, өзара сыйластықты сақтау және құқықбұзушылық белгілері байқалған жағдайда тиісті тұлғаларға хабарлау қажеттігі үнемі түсіндірілсін.

Жиналыс төрайымы: Л.Ө.Құлмаханбет

Хатшы: Г.Т.Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейінде жоғары сынып қыздары арасында «Жасөспірім жастағы жүктіліктің алдын алу» атты тақырыпта өткізілген жиналыстың Хаттамасы №2

Өткізілген күні: 10.09.2026ж
Қатысқандар саны:128

Күн тәртібінде:

1. «Жасөспірім жастағы жүктілік»
2. Қыздарының тәртібі, жеке бас тазалығы жайлы;
3. Қыздарды «Қыздарға не жарасымды» деген баяндамамен таныстыру.
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1.Л.Ө.Құлмаханбет – мектеп-лицей директоры. Сөз алып, оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтады. Мектеп ережесімен таныстырып өтті. Қыздарға мектеп қабырғасына боянып келуге, тырнақ өсіріп келуге, еркін формамен келуге қатаң тыйым салынатындығын айтты. Тәрбиеге бас иген, құл болмас дегендей, тәртіпті болу басты міндеттері екендігін атап айтып өтті. Қыз баласы нәзік, мәдениетті, сыпайы болғаны дұрыс деді. Өмірде адаспай өз жолдарын тауып, елімізге адал қызмет ететін азаматша болып өсулеріне тілектес екендігін айтты.

2. Ф.Жумабаева –педагог-психолог. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана деп сөзін бастап, қыздардың ғаламтор желісіндегі ойындарды қолданбау керектігін, беймезгіл уақытта көшеге шықпауға тиіс екендігін ескертті.Сонымен қатар қандай отбасылық не жеке басында қиындық тудырған мәселер мен жағдайлар орын алса өзіне арнайы жеке келіп, сұқбаттасып, сырласуға шақырды. «Қызды тәрбиелегенің – бір ұрпақты тәрбиелегенің»-деген екен ата-бабамыз.Бұл сөздің астарында үлкен мән жатыр.Өйткені қыз болашақ ұрпақтың анасы.

3. Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны - Г.Ш.Сабден. Оқушыларға заң мен тәртіп қатар ұғым екендігін айтты. Заңды білсеңдер тәртіпті бұзуға жол бермейсіңдер деді. Мектеп ережесіне бағынбаған оқушылар, олар ең қауіпті оқушылар қатарына енетіндігін айта келіп, кез-келген қате жасалынған іс әрекеттерің заңмен қаралатынын айтты. Кешкі сағат 10^{00} –ден кейін көшеде, ойын сауық мекемелерінде, жалпы түнгі мезгілде жүруге тыйым салынатындығын, кәмелет жасқа толмағандардың, мектеп қабырғасында оқып жүрген оқушыларға көлік басқаруға қатаң тыйым салынғандығын айтып өтті. Сонымен қатар жолда жүру ережелімен таныстырып өтті.

4. Г.Ахатова – ДТЖЖО .Қыздардың тәртібі, жеке бас тазалығында айтарлықтай ерекшеліктер болмағанын , оған басты себеп күнделікті айтылып жүрген мәселе екендігін айтып өтті. «Қызды қырық үйден тыйу, қала берді есік алды күшеп тыйу» деп айтып кеткендей бүгінгі алдымызда бәйшешектей өсіп келе жатқан қыздарымыз ертең ардақты ана, асыл әже боларын ұмытпағанымыз жөн.

5. Г.Сахова –сынып жетекші. Қыз балалардың өз жас ерекшеліктеріне қарай жарасымды киіне білу керектігі жөнінде пікір білдірді.Қыздардың өздерін кез-келген жерде әдепті ұстап, жеке бас тазалығын тазалығын сақтап, формасын , ұқыпты кию керектігін ескертті.

6.К.Игиликова – мектеп медбикесі. Қыз бала гигиенасы Жеке бас гигиенасының бірінші ережесі – тазалық, ол туралы бұрыннан белгілі. Жекелеген кейбір арнайы жеке бас гигиенасының адам жынысына, жыныс ағзалар құрылысы және қызметіне байланысты кейбір арнайы жағдайлары бар. Етеккірдің басталуы, қыз баланың алдына бір мәселе қояды. Алдымен етеккірдің келуі денсаулық жағдайына, қыз баланың жеке гигиена ережелерін сақтауына байланысты екенін есте ұстау керек. Әдетте, дені сау, шыныққан, спортпен шұғылданатын , жақсы тамақтанатын қыз балаларда етеккір жақсы өтеді. Жалпы сау қыз бала да етеккір келген кезде жабығу сезу мүмкін.Алайда бұл сырқат емес, қалыпты жағдай. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстану қажет. Ой, физикалық жұмыстардан бас тартпау керек. Алайда ауыр физикалық жұмыстарды азайту керек. Етеккір кезінде сыртқы жыныс ағзаларын таза ұстағанның маңызы зор деді. Қыздарға керекті кеңестерін айтып, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Қаулы етеді:

1. Қыздардың мектеп формасын сақтауы, сабақтан қалмауы, жеке бас гигиенасын қадағалауы мектеп тәлімгері мен қыздар ұйымының төрайымына жүктелсін.

2. Қыздардың өздерін кез-келген ортада өздерін әдепті ұстауы қадағалансын.

Жиналыс төрайымы: **Г.Ахатова**

Хатшысы: **Р.Алимбекова**

Қыздар жиналысы











Құқықбұзушылықтың алдын алу











Құқықбұзушылықтың алдын алу жиналысы (9 сыныптармен)










Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында







Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында







№ 2259
25.09.26

Аудандық білім бөлімінің
басшысы Ж.Мұсатаеваға

Мәлімет

Түркістан облысының прокуратурасының 24.09.2026ж №2-12-26-12138 санды хатына сәйкес
«Шардара» мектеп-лицейінің 11 «Г» сынып оқушысы Қалбек Нурисламның
қыркүйек айында сабаққа келмегендігін мәлімдеймін

№	Сабаққа келмеген оқушының аты-жөні	Білім беру ұйымының	ЖСН	Оқушының сабаққа келмеген күндері																								
				1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
1	Калбек Нұрислам	«Шардара» мектеп-лицей	100429550082															-		-	-		-			-	-	-

15 қыркүйек – 7 сабақ
17 қыркүйек – 7 сабақ
18 қыркүйек - 7 сабақ
20 қыркүйек – 7 сабақ
23 қыркүйек – 7 сабақ
24 қыркүйек – 7 сабақ
25 қыркүйек – 7 сабақ **Жалпы 49 сабақ**

Мектеп-лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет

Орын:
ДТЖЖО; Г.Т.Ахатова